

PHILIPS

AVENT

SCD501

SCD502

SCD503




Қолданушының нұсқасы


Мазмұны

Кіріспе.....	4
Маңызды.....	4
Өнімге жалпы шолу.....	7
Пайдалануға дайындау	8
Нәресте бөлігі.....	8
Ата-аналар бөлігі	8
Нәресте мониторын пайдалану.....	9
Нәресте мониторын орнықтыру.....	9
Ата-аналар бөлігі мен нәресте бөлігін байланыстыру.....	10
Мүмкіндіктер	11
Smart Eco режимі.....	11
Нәресте бөлігі.....	11
Ата-аналар бөлігі	12
Тазалау және күтіп ұстау	12
Сақтау	13
Қосалқы құралдарға тапсырыс беру.....	13
Кепілдік және қолдау.....	13
Қоршаған орта.....	13
Жиі қойылатын сұрақтар	14

A



B



1 Кіріспе

Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips AVENT компаниясына қош келдіңіз! Philips AVENT ұсынатын қолдауды толығымен қолдану үшін өнімді www.philips.com/welcome сайтында тіркеңіз. Осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.



2 Маңызды

Қауіпті жағдайлар

- Ешқашан нәресте мониториның ешбір бөлігін суға немесе кез келген басқа сұйықтыққа батырмаңыз. Су немесе кез келген басқа сұйықтық тамуы немесе шашыруы мүмкін жерге қоймаңыз. Ылғалды орындарда немесе суға жақын пайдаланбаңыз.
- Нәресте мониториның үстіне ештеңе қоймаңыз немесе оны жаппаңыз. Ешбір желдету саңылауларын бұғаттамаңыз.
- Сымдар тұншығу қаупін тудырады. Сымдарды балалардан аулақ ұстаңыз (1 метрден/3,5 футтан көбірек алыс). Ешқашан нәресте бөлігін нәрестенің төсегіне немесе ойнау алаңына қоймаңыз.

Абайлаңыз!

- Құрылғыны қосар алдында нәресте бөлігі мен ата-ана бөлігіндегі адаптерлерде көрсетілген кернеудің жергілікті ток көзінің кернеуіне сәйкес келетіндігін тексеріп алыңыз.
- Тек Philips ұсынатын адаптерді (модель: S003Axy0600050 (мұндағы «ху» = TV, аша түріне байланысты TV) пайдаланыңыз. Адаптер рейтингі: Кіріс 100-240 V ~ 50/60 Hz, 0,15 A Шығыс: 6,0 V = 0,5 A, 3 W. Орташа белсенді тиімділік коэффициенті: 74,38%. Жүктемесіз қуат шығыны (W): 0,1 W VI деңгей.
- Өшіру режиміндегі қуат тұтыну: Нәресте бөлігі: <0,3 W. Ата-ана бөлігі: < 0,3 W (< 1 мин).
- Адаптердің ешбір бөлігін өзгертпеңіз және/немесе кеспеңіз, бұл қауіпті жағдайды тудырады.

- Нәресте адаптері немесе ата-ана бөлігі зақымдалған болса, нәресте мониторын пайдаланбаңыз. Philips тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Ток соғуын болдырмау үшін нәресте бөлігінің артқы панелін босатпаңыз.
- Қауіпсіздігіне жауапты адамның қадағалауынсыз немесе құрылғыны пайдалану нұсқауларынсыз, физикалық және ойлау қабілеті шектеулі, сезімталдығы төмен, сондай-ақ білімі мен тәжірибесі аз адамдар (соның ішінде балалар) бұл құрылғыны қолданбауы керек. Балалар құрылғымен ойнамауы керек.
- Нәресте және ата аналар бөліктерін тым қатты суыққа немесе тым қатты ыстыққа немесе тікелей күн сәулесіне шалдырмаңыз. Және де нәресте мен ата аналар бөліктерін қызу беру орнына жақын орнатпаңыз.
- Ата-аналар және нәресте бөліктерін ешқашан еш нәрсемен жаппаңыз (мәселен, сүлгі немесе көрпеше).
- Ата-ана бөлігіне әрқашан дұрыс түрге жататын батареяларды салыңыз («Пайдалануға дайындау» тарауында «Батареяларды салу» бөлімін қараңыз).
- Ата-ана бөлігін немесе нәресте бөлігін таратқыштың немесе басқа DECT құрылғысының (мысалы, DECT телефоны немесе интернетке арналған сымсыз маршрутизатор) жанына қойсаңыз, қосылым жоғалуы мүмкін. Нәресте бөлігін немесе ата-ана бөлігін қосылым қалпына келгенше басқа сымсыз құрылғылардан ары жылжытыңыз.
- Жанында қалта телефоны қосылып тұрса, нәресте бақылағышында кедергілер пайда болуы мүмкін.

Ескерту

- Бұл нәресте мониторы көмекші құрал ретінде пайдалануға арналған. Оны жауапты және тиісті ересектің қадағалауын ауыстыру ретінде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны 0 °C (32 °F) және 40 °C (104 °F) арасындағы температурада пайдаланыңыз. Құрылғыны -25 °C (-13 °F) және 70 °C (158 °F) арасындағы температурада сақтаңыз.

Батареялар туралы маңызды ақпарат

- Жарылыс болдырмау үшін ата-ана бөлігіне батареялардың тек дұрыс түрін ғана салыңыз.
- Ата-ана бөлігінде зарядтау функциясы жоқ. Егер ата-ана бөлігінде зарядталмалы батареяларды пайдалансаңыз, оларды зарядтағышта зарядтаңыз.
- Батареяларды салғанда немесе ауыстырғанда, қол құрғақ болуы керек.
- Батареяның ағуын, зақымдалуын немесе жарылуын болдырмау үшін:
 - 1 Құрылғыға 40 °C-тан жоғары жерлерде қалдырмаңыз. Күн сәулесі, өрт немесе жоғары температуралар әсер етсе, батареялар жарылуы мүмкін.
 - 2 Батареяларды артық зарядтауға, қысқа тұйықтауға, кері күйде зарядтауға немесе зақымдауға болмайды.
 - 3 Құрылғыны бір ай немесе одан көбірек пайдаланбайтын болсаңыз, ата-ана бөлігінің батареяларын алыңыз.
 - 4 Бос батареяларды ата-ана бөлігінде қалдырмаңыз.

- Қайта зарядталмайтын және қайта зарядталатын батареяларды қажетті жерге тастаңыз («Қоршаған орта» тарауын қараңыз).
- Теріні қорғау үшін зақымдалған немесе ағатын батареяларды ұстағанда қорғағыш қолғапты киіңіз.
- 24 сағатқа дейін сымсыз жұмыс уақыты болуы үшін ата-ана бөлігіне сыйымдылығы 1500 мАс немесе одан көбірек батареяларды салыңыз.

Стандарттарға сәйкестігі

- Бұл құрылғы электромагниттік өрістерге қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.
- Бұл құрылғы Еуропалық Бірлестіктің радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



3 Өнімге жалпы шолу

А Ата-аналар бөлігі

- 1 Дауыс деңгейін білдіретін жарық
- 2 Қосу/өшіру түймесі **⏻**
- 3 Дыбыс деңгейі - түймесі
- 4 «link» («байланыс») шамы
- 5 Адаптердің шағын ашасына арналған ұя
- 6 Батарея жарығы
- 7 Дыбыс деңгейі + түймесі
- 8 Батарея бөлімі қақпағының босату түймесі
- 9 Батарея орнының қақпағы
- 10 Адаптер

В Нәресте бөлігі

- 1 Түнгі жарық түймесі
- 2 Қосу/өшіру түймесі **⏻**
- 3 Қуат шамы
- 4 Бекітілген қуат сымы
- 5 Адаптер


- Philips Consumer Lifestyle, Tussendiepen 4, Drachten, Netherlands, осы арқылы осы нәресте мониторы 2014/53/EU (DECT: жиілік ауқымы 1880-1900 МГц, максималды радиожіілік қуаты: 250 мВт). директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелеріне сай екенін мәлімдейді. ЕС сәйкестік туралы мәлімдемесінің (DoC) көшірмесі желіде мына мекенжайда бар:
www.philips.com/support.

4 Пайдалануға дайындау

Нәресте бөлігі

Нәресте бөлігі желіден жұмыс істейді және оның бекітілген қуат сымы болады.

- 1 Нәресте бөлігін желіге қосу үшін қуат сымының адаптерін розеткаға қосыңыз.




Ата-аналар бөлігі

Ата-ана бөлігі желіден жұмыс істейді. Сондай-ақ, ата-ана бөлігін мобильді пайдалану үшін батареяларды салуға болады.

Ток көзінен жұмыс жасау

- 1 Ата-ана бөлігінің бүйірлік панеліндегі розеткаға шағын ашаны қосып, адаптерді розеткаға қосыңыз.



Батареяларды салу

Егер ата-ана бөлігі розеткаға жақын болмаса, оны екі 1,5 В R6 AA сілтілі зарядталмайтын батареялармен немесе екі 1,2 В R6 AA зарядталмалы батареялармен (жинақта жоқ) жұмыс істетуге болады. Пайдаланылатын батареялардың түріне және ата-ана бөлігін батареялармен пайдалану жиілігіне байланысты толы батареялардың жұмыс уақыты 24 сағатқа дейін болады.


⚠ Ескертпе.

Желіге қосылған кезде ата-ана бөлігі батареяларды зарядтамайтынын ескеріңіз. Зарядталмалы батареяларды ата-ана бөлігінде пайдалануға болады, бірақ оларды бөлек зарядтағышта зарядтау керек.


⚠ Абайлаңыз!

Батареяларды салған кезде ата-ана бөлігін розеткадан суырыңыз және қолдарыңыз бен бөлік құрғақ екенін тексеріңіз.

- 1 Босату түймесін (1) басып батарея бөлімі қақпағының құлпын ашыңыз және қақпақты (2) алыңыз.




- 2** Зарядталмайтын батареяларды немесе толығымен зарядталған батареяларды салыңыз.



⚠ Ескертпе.

Батареялардың + және – жақтары керекті бағытта екендігіне көзіңізді жеткізіңіз.

- 3** Батарея бөлімінің қақпағын қайта бекіту үшін алдымен шығыңқы жерлерді батарея бөлімінің төменгі ойығына салыңыз. Содан кейін қақпақты шырт етіп орнында құлыпталғанша басыңыз.




5 Нәресте мониторын пайдалану

Нәресте мониторын орнықтыру


⚠ Абайлаңыз!

Нәресте бөлігін баланың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Нәресте бөлігін еш уақытта нәрестенің төсегіне немесе ойнайтын манежіне қоймаңыз.

- Нәресте бөлігінің сымы буынып қалу қаупін тудыратындықтан нәресте бөлігі мен сымын нәрестеден кемінде 1 метр/3,5 фут қашықтықта ұстаңыз.



- Бір немесе екі бөліктен де жағымсыз ащы дауыс шығармас үшін ата-ана бөлігі нәресте бөлігінен кемінде 1 метр/4,9 фут қашықтықта ұстаңыз.




Ата-аналар бөлігі мен нәресте бөлігін байланыстыру


- 1 Қуат қосылу жарығы жанғанша, нәресте бөлігіндегі  түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.




- 2 «Байланыс» шамы қызыл түспен жыпылықтауды бастағанша ата-ана бөлігіндегі  түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.



- Ата-ана бөлігі және нәресте бөлігі байланысқан кезде, «байланыс» шамы тұрақты жасыл түспен жанады.



- Егер қосылым орнатылмаса, «байланыс» шамы қызыл түспен жыпылықтай береді және ата-ана бөлігі дыбыстық сигнал шығарады.



Байланыс орнатылмаса, орындалатын әрекет

- Ата-аналар бөлігі жұмыс ауқымынан тыс болса, нәресте бөлігіне жақынырақ орналастырыңыз.
- Нәресте немесе ата-ана бөлігін басқа DECT құрылғысының (мысалы, сымсыз телефон) жанына қойсаңыз, құрылғыны өшіріңіз де, бөлікті құрылғыдан әрірек апарып қойыңыз.
- Нәресте бөлігі ажыратылған болса, оны қосыңыз.

Жұмыс жасау аймағы

- Жұмыс ауқымы сыртта
300 метрге/985 футқа дейін және
іште 50 метрге/150 футқа дейін.
- Нәресте мониторының жұмыс
ауқымы қоршаған орта мен кедергі
келтіретін факторларға байланысты.
Ылғалды немесе дымқыл
материалдар жұмыс ауқымын 100%-
ға дейін жоғалтатын кедергілерді
тудыруы мүмкін. Құрғақ материалдар
тудыратын кедергілерді төмендегі
кестеден қараңыз.

Құрғақ материалдар	Материалдар қалыңдығы	Байланысты жоғалуы
Ағаш, гипс, картон, әйнек (металлы жоқ, сым немесе қорғасын)	< 30 см (12 дюйм)	0-10%
Кірпіш, желімделген фанер	< 30 см (12 дюйм)	5-35%
Темірбетон	< 30 см (12 дюйм)	30-100%
Металл торлар мен кесектер	< 1 см (0,4 дюйм)	90-100%
Металл немесе алюминий беттері	< 1 см (0,4 дюйм)	100%

6 Мүмкіндіктер

Smart Eco режимі


Бұл нәресте мониторында стандартты мүмкіндік ретінде Smart Eco режимдері бар. Бұл режим әрқашан белсенді және қуатты үнемдеу және радио тасымалдауды азайту үшін нәресте бөлігінен ата-ана бөлігіне DECT сигналын автоматты түрде азайтады.

Нәресте бөлігі

Түнгі жарық

Түнгі жарық нәрестеге қолайлы болатын жұмсақ жарықты шығарады.


- 1 Түнгі жарықты қосу немесе өшіру үшін нәресте бөлігіндегі түнгі жарық түймесін басыңыз.



Ата-аналар бөлігі

Батарея жарығы


- 1 Ата-ана бөлігі желіге қосылғанда немесе батареяларда қуат жеткілікті болса, батарея шамы өшеді.
- 2 Батареялардың заряды төмен болса, батарея шамы қызыл түспен жанады және ата-ана бөлігі дыбыстық сигнал шығарады.



- 3 Заряды төмен кезде батареяларды ауыстырыңыз («Пайдалануға дайындау» тарауында «Батареяларды салу» бөлімін қараңыз).


Дыбыс деңгейін орнату

- 1 Дыбыс деңгейін арттыру үшін + түймесін басыңыз.



- Дыбыс деңгейін бір деңгейге арттыру немесе азайту үшін түймені басқан сайын дыбыстық сигналды естисіз.
- Дыбыс деңгейінің шамдары ағымдағы дыбыс деңгейін көрсету үшін қысқа уақытқа жанады.

- 2 Дыбыс деңгейін азайту үшін - түймесін басыңыз. - түймесін 2 секунд бойы басып тұрсаңыз, дыбыс өшеді.



Ескертпе.

Егер дыбыс деңгейі өшірілсе, дыбыс деңгейінің шамдары нәресте дыбыс шығарып жатқанын көрсетеді. Нәресте шығарған дыбыс неғұрлым қатты болса, соғұрлым көбірек дыбыс деңгейінің шамдары жанады.

7 Тазалау және күтіп ұстау

- Тазалағыш спрей немесе сұйықтықтарды қолданбаңыз.
- Тазаламай тұрып ата-ана бөлігін және нәресте бөлігін розеткадан суырыңыз.
- Ата-ана бөлігін, нәресте бөлігін және адаптерлерді құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

8 Сақтау

- Бір айдан көбірек пайдаланбайтын болсаңыз, ата-ана бөлігінен батареяларды алыңыз.
- Ата-ана бөлігін, оның адаптерін және нәресте бөлігін суық және құрғақ орында сақтаңыз.

9 Қосалқы құралдарға тапсырыс беру

Қосалқы құралдар немесе қосалқы бөлшектер сатып алу үшін, **www.shop.philips.com/service** сайтына кіріңіз немесе Philips дилеріне барыңыз. Сондай-ақ, еліңіздегі Philips Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз (байланыс мәліметтерін дүниежүзілік кепілдік парақшасынан қараңыз).

10 Кепілдік және қолдау


Егер сізге ақпарат немесе қолдау қажет болса, **www.philips.com/support** мекенжайындағы Philips веб-сайтына кіріңіз немесе бөлек дүниежүзілік кепілдік парақшасын оқыңыз.

11 Қоршаған орта

- Бұл таңба құрылғыны қалыпты тұрмыстық қалдықпен бірге тастауға болмайтынын білдіреді. Оны электр құрылғыларға арналған арнайы ресми жинайтын жерге апарып тапсырыңыз. Қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі.



- Бұл сызып тасталған себет құрылғыда қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге лақтыруға болмайтын лақтырылатын батареялар бар екенін білдіреді. Батареяларды батареяларға арналған ресми жинау орнында лақтырыңыз. Батареяларды дұрыс лақтыру қоршаған ортаны сақтауға көмектеседі.



12 Жиі қойылатын сұрақтар

Модульдердегі қосу/өшіру түймелерін басқанда, нәресте модуліндегі қуат жарығы мен ата-ана модуліндегі «link» (байланыс) жарығы неге жанбайды?

- Бір бөлік немесе екеуі де дұрыс розеткаға дұрыс қосылмаған болуы мүмкін. Бөліктерді желіге қосыңыз және бөліктердің екеуіндегі де қосу/өшіру түймелерін 3 секунд бойы басып, ата-ана бөлігі мен нәресте бөлігі арасында қосылымды орнатыңыз.
- Егер ата-ана бөлігін батареялармен пайдалансаңыз, ата-ана бөлігінің батареялары бос немесе батарея бөлімінде батареялар жоқ.

Ата-ана бөлігіндегі «байланыс» шамы неліктен үздіксіз қызыл түспен жыпылықтайды?

- Нәресте бөлігі мен ата аналар бөлігі бір бірімен байланыс аймағынан тыс шығар. Екеуінің ара қашықтығын азайтыңыз.
- Мүмкін нәресте бөлігі сөнуді шығар. Нәресте бөлігін қосыңыз.

Неліктен ата аналар бөлігі телеметрлік дыбысын шығарады?

- Егер «байланыс» шамы қызыл түспен үздіксіз жыпылықтаған кезде ата-ана бөлігі дыбыстық сигнал шығарса, нәресте бөлігімен қосылым жоғалған. Ата-ана бөлігін нәресте бөлігіне жақынырақ жылжытыңыз немесе өшірулі болған болса, нәресте бөлігін қосыңыз.
- Мүмкін нәресте бөлігі сөнуді шығар. Нәресте бөлігін қосыңыз.

Неліктен құрал жағымсыз жоғары үн шығарады?

- Бөліктер бір-біріне тым жақын орналасқан болуы мүмкін. Ата-аналар бөлігін нәресте бөлігінен кемінде 1 метр/3,5 фут қашықтыққа қойыңыз.

Неліктен мен дыбыстарды естімеймін/ Неліктен мен нәрестемнің жылағанын естімеймін?

- Нәресте бөлігі мен ата аналар бөлігі бір бірімен байланыс аймағынан тыс шығар. Екеуінің ара қашықтығын азайтыңыз.
- Дыбыс деңгейін ең төмен деңгейге (дыбыссыз) орнату қажет болуы мүмкін. Дыбыс деңгейін арттырыңыз.

Неліктен ата аналар бөлігі басқа дыбыстарды тым жылдам сезінеді?

- Нәресте бөлігі нәресте дыбысынан басқа дыбыстарды да қабылдайды. Нәресте бөлігін нәрестеге жақынырақ қойыңыз (дегенмен, кемінде 1 метр/3,5 фут ара қашықтықты сақтаңыз).

Нәресте монитормының қызмет көрсететін аймағы 300 метр/985 фут деп көрсетілген.

Неліктен менің нәресте мониторым одан төмен аймақты қамтиды?

- Көрсетілген қамту аймағы тек сыртта, ашық ауада ғана сәйкес келеді. Үй ішіндегі қамту аймағы ортада кездесетін қабырға түрлері мен саны немесе төбелер арқылы шектеледі. Үй ішіндегі қамту аймағы 50 метр/150 фут болып келеді.

Неліктен кейде қосылым жоғалады немесе дыбыс үзіледі?

- Нәресте және ата аналар бөлігі қызмет көрсететін аймақтың сыртқы шекарасына тым жақын тұрған болар. Басқа орналасу орнын таңдап көріңіз немесе екі бөліктің арасындағы қашықтықты азайтыңыз. Есіңізде

болсын, екі бөліктің арасында байланыс орнау үшін, әрдайым 30 секундтай уақыт керек болады.

- Модульді DECT телефоны не басқа 1,8 ГГц/1,9 ГГц нәресте бақылағышы сияқты таратқыш немесе DECT құрылғысының жанына қойған болуыңыз мүмкін. Байланыс қайта орнатылғанша модульді басқа құралдардан алыстатыңыз.

Нәресте қадағалаушы жасырын тыңдаудан және кедергілерден сақ па?

- Осы нәресте қадағалаушының DECT технологиясы басқа құралдардан кедергі болдырмайды және жасырын тыңдаудың алдын алады.

Бөлікті батареялармен пайдаланғанда неліктен ата-ана бөлігіндегі батареялар тез таусылады?

- Батареялардан жұмыс уақыты 24 сағатқа дейін болуы мүмкін, бірақ бұл батареялардың түріне және ата-ана бөлігін батареялармен пайдалану жиілігіне байланысты. Ата-ана бөлігі желіге қосылған кезде батареялар зарядталмайтынын ескеріңіз. Батарея қуатын үнемдеу үшін маңайда розетка қол жетімді болса, ата-ана бөлігін розеткаға қосыңыз.
- 1,5 В R6 AA сілтілі зарядталмайтын батареяларды немесе зарядталған 1,2 В R6 AA зарядталмалы батареяларды пайдаланыңыз. Зарядталмалы батареяларды бөлек зарядтағышта зарядтаңыз.

Нәресте бөлігін батареялармен пайдалану керек пе?

- Жоқ, нәресте бөлігін батареялармен пайдалану мүмкін емес. Нәресте бөлігін тек желіге қосып пайдалануға болады.

Сәбилер мен үш жасқа дейінгі балаларды бақылауға арналған құрылғы SCD501, SCD502, SCD503

Өндіруші: “Филипс Консьюмер Лайфстайл Б.В.”, Туссендиенпен 4, 9206 АД, Драхтен, Нидерланды
Ресей және Кедендік Одақ территориясына импорттаушы: „ФИЛИПС” ЖШҚ, Ресей Федерациясы, 123022 Мәскеу қаласы, Сергей Макеев көшесі, 13-үй, тел. +7 495 961-1111
Қуат блогы S003PV0600050 немесе S003PB0600050: KIPY 100-240 V ~; 50/60 Hz; 0,2 A; ШЫҒУ 6.0 V , 500 mA
Ата-аналар бөлігі: 6,0VDC, 500 mA немесе 2x1,5V AA сілтілі батареялары (жинаққа кірмейді)
II- класс 

Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған
Қытайда жасалған

Сақтау шарттары, пайдалану

Температура	«Ескерту» бөлімін қараңыз
Салыстырмалы ылғалдылық	20% - 95%
Атмосфералық қысым	85 - 109 kPa
 Пластик емес бума материалдарында қағаз немесе картон бар.	
 Пластик бума материалдарында LDPE бар, басқаша көрсетілмеген жағдайда.	

Егер сізге ақпарат немесе қолдау қажет болса, www.philips.com/support сайтына кіріңіз немесе халықаралық кепілдік парақшасын оқыңыз.

